**«КӨЛСАЙ КӨЛДЕРІ» МЕМЛЕКЕТТІК ҰЛТТЫҚ ТАБИҒИ  
ПАРКІНДЕГІ ТУРИСТІК МАРШРУТТАРДЫҢ РЕКРЕАЦИЯЛЫҚ  
КӨРСЕТКІШТЕРІН ТАЛДАУ**

*Атамбай Т.Қ., 2-курс магистранты  
Ахметов Р.С., директор  
Досманбетов Д.А., жетекші ғылыми қызметкер, PhD доктор  
Дукенов Ж.С., аға ғылыми қызметкер  
Рақымбеков Ж.К., аға ғылыми қызметкер  
Бектурганов А.Н., ғылыми қызметкер  
Каспақбаев Е.М., ғылыми қызметкер  
Уашев М.А., кіші ғылыми қызметкер*

*С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті  
Астана қ.*

*"Ә.Н. Бөкейхан атындағы ҚазОШАҒЗИ" ЖШС Алматы филиалы  
Алматы қ.*

Қазіргі уақытта отандық және шетелдік басылымдарды талдау «табиғатты рекреациялық пайдалану» ұғымы ғылыми және публицистикалық әдебиеттерде, заңнамалық актілер мен басқару құжаттарында кеңінен қолданыла бастағанын көруге болады [1-6].

Табиғатты рекреациялық мақсатта пайдаланудың заманауи түсіндірмесі сонымен қатар, осы тұжырымдаманың мазмұнын түсіндірудің екіұшты және сараланған тәсілдерін көрсетеді. Осылайша, табиғатты ұтымды пайдалануды адамның табиғи ресурстар мен жағдайларды рекреациялық мақсатта пайдалану саласы ретінде де, ғылыми бағыт ретінде де қарастыруға болады [5].

Рекреациялық мақсатта табиғатты пайдалану бірнеше маңызды функцияларды орындайды: әлеуметтік-биологиялық, экологиялық және экономикалық. Табиғатты пайдаланудың бұл түрі бірқатар ішкі жүйелерден тұратын біртұтас жүйе ретінде қарастырылуы керек. Табиғатты пайдалануды жіктеу, рекреацияның негізгі бағыттары мен түрлері, туристік-рекреациялық әлеуетті бағалау және рекреациялық қызметті басқару ең маңызды блоктар болып саналуы керек [1].

Қазақстанда туризмді дамытудың үлкен мүмкіндігі бар. Оған негізінен аймақтың геополитикалық жағдайы, яғни халықаралық туристік және саудалық ағындардың осы территория арқылы өтуі, саяси тұрақтылық, елдегі көптеген табиғи ландшафтының, архитектуралық, тарихи-мәдени рекреациялық ресурстардың алуан түрлігі себеп.

Басқа да ұлттық бақтардың екі жаққа да пайдасы бар бұл бағытын біртіндеп «Көлсай көлдері» мемлекеттік ұлттық табиғи паркі орманды рекреациялық пайдалануды ұйымдастыру жүзеге асырылуда.

Адамдардың денсаулығы, олардың қызықты демалуы – мемлекет қамтамасыз ететін міндет. Президенттің 2030 жылға дейінгі бағдарламасын көптеген қоғамдық ұйымдар мен бірлестіктер, еңбек ұжымдары қолдап отыр. Мұнда денсаулықты сақтай отырып, адамдардың дұрыс тынығуына мемлекет тарапынан шаралар жасауға қарастырылған. Себебі өзара жәрдемдесу арқылы табиғат пен адамның тіршілік етуін қамтамасыз етуге болады.

Және осы істе адамның табиғатқа кері әсерін шектейтін және өзара тиімді орманды пайдалану тәсілі – ұйымның туризмді заңды, әрі технологиялық негізделген шараларды жүргізуді ұйымдастыру болып табылады.

Ұлттық парк аумағында бүгінгі күнге 5 туристік маршрут және 2 туристік соқпақ жұмыс істейді.

**«Саты ауылы - Қайыңды көлі» №1 туристік маршруты.** Қашықтығы – 11 км. Жылдық рекреациялық сиымдылық - 21000 адам. Қозғалыс жасау түрі бойынша: аралас. (автокөлікпен , жаяу және атпен), қолданыс уақыты бойынша: жыл бойы, ұйымдастыру нысаны бойынша: Жеке және топтық.

Маршрут толықтай абаттандырылған. Маршрут бойында Қайыңды кордоны жанында Бақылау өткізу тоспасы жұмыс істейді. Кордон электр көздеріне қосылмаған.

Кесте 1 - №1 «Саты ауылы-Қайыңды көлі» туристік маршрутын жүріп-өту жоспары

№	Маршрут учаскесінің		Ұзындығы, км	Қозғалыстағы уақыт, сағат	Аялдау уақыты, сағат	Көру алаңы, суретке түсу бекеті
	басталуы	аяқталуы				
1	Саты ауылы	Қайыңды кордоны	8,5	1,5	0	0
2	Қайыңды кордоны	Қайың тоғайы	0,5	0,10	2	3
3	Қайың тоғайы	Қайыңды көлі	2	1	3	4
Барлығы			11	3	5	7

Тоспада арнайы кассир контролер маманы кассалық аппараттармен жұмыс атқарады. Маршрут бойындағы автотұрақ саны – 2 дана. Беседка –5 дана, СГУ дәретхана -3 дана, дәретхана – 12 дана, орындықтар – 10 дана. Қоқыс тастайтын орын – 3 жерде орналасқан қоқыс жәшіктері үлкен - 5 дана. Қоқыс жәшіктері кіші – 10 дана. Көру алаңы – 5 жерде орналасқан. Жол сілтемелер саны – 27 дана, аншлаг – 12 дана, баннер -5 дана.

**«Саты ауылы – Саты асуы» №2 туристік маршруты.** Қашықтығы – 23 км. Жылдық рекреациялық сиымдылық - 917 адам. Қозғалыс жасау түрі бойынша: Аралас (автокөлікпен, жаяу және салт атты), қолданыс уақыты бойынша: маусымдық. Ұйымдастыру нысаны бойынша: Жеке және топтық.

Маршрут жартылай абаттандырылған. Маршрут басталар тұста Саты кордоны жанында Бақылау өткізу тоспасы орналастырылған. Бұл жерде кассир контролер маманы маусымдық жұмыс істейді. Кордон электр көздеріне қосылмаған.

Кесте 2 - №2 «Саты ауылы - Саты асуы» туристік маршрутын жүріп-өту жоспары

№	Маршрут учаскесінің		Ұзындығы, км	Қозғалыстағы уақыт, сағат	Аялдау уақыты, сағат	Көру алаңы, суретке түсу бекеті
	басталуы	аяқталуы				
1	Саты ауылы	Саты кордоны	6	0,50	1	1
2	Саты кордоны	Саты сайы	0,6	0,10	1	2
3	Саты сайы	Алиман шыңы	12	3	1	1
4	Алиман шыңы	Екіаша жайл.	2	2	1	1
5	Екіаша жайл.	Саты асуы	2,4	0	0	0
Барлығы			23	6	4	5

БӨТ барлық қажетті құжаттармен қамтамасыз етіледі және кассалық аппаратпен жұмыс атқарады. Маршрут бойында демалыс орындары орналастырылған. Онда демалатын орындар мен автотұрақ орындары, дәретханалар, беседкалар, от жағатан орындар орналастырылған. Автотұрақ орны -2 дана. Беседка –2 дана, дәретхана – 2 дана, орындықтар – 4 дана. Қоқыс тастайтын орын – 1 жерде орналасқан қоқыс жәшіктері 2 дана.

**«Төменгі Көлсай көлі - Сарыбұлақ асуы» №3 туристік маршруты.** Қашықтығы – 18 км. Жылдық рекреациялық сымдылық - 25000 адам.

Қозғалыс жасау түрі бойынша: аралас (жаяу және салт атты), қолданыс уақыты бойынша: жыл бойы. Ұйымдастыру нысаны бойынша: Жеке және топтық. Маршрут толықтай абаттандырылған. Маршрутқа дейін Көлсай кордоны жанында Көлсай бақылау өткізу тоспасы жұмыс істейді. Онда төрт кассир контролерлер жыл он екі ай жұмыс атқарады. БӨТ барлық қажетті құралдармен қамтамасыз етілген. Беседка –9 дана, СГУ дәретхана -4 дана, дәретхана – 12 дана, орындықтар – 15 дана. Қоқыс тастайтын орын – 7 жерде орналасқан қоқыс жәшіктері үлкен 13 дана. Қоқыс жәшіктері кіші – 25 дана. Тұрмыстық қалдықтар арнайы техника арқылы аптасына екі рет шығарылады. Көру алаңы – 9 жерде орналасқан. Жол сілтемелер саны – 38 дана, аншлаг – 16 дана, баннер -7 дана.

Кесте 3 - №3 «Төменгі Көлсай көлі -Сарыбұлақ асуы» туристік маршрутын жүріп-өту жоспары

№	Маршрут учаскесінің		Ұзындығы, км	Қозғалыстағы уақыт, сағат	Аялдау уақыты, сағат	Көру алаңы, суретке түсу бекеті
	басталуы	аяқталуы				
1	Төм.Көлсай көлі	Көлсай өз. сағасы	1,5	1	1	2
2	Көлсай өз. сағасы	Батан сайы	0,5	0,5	-	1
3	Батан сайы	Ирек жол	3	1	1	1
4	Ирек жол	Орт. Көлсай көлі	2	1	2	2
5	Орт.Көлсай көлі	Жоғарғы Көлсай көлі	4	1,5	2	2
6	Жоғарғы Көлсай көлі	Сарыбұлақ асуы	7	0	0	0
Барлығы			18	5	6	8

**«Күрметі ауылы - ортаңғы Көлсай көлі» №4 туристік соқпағы.** Қашықтығы – 17 км. Жылдық рекреациялық сымдылық - 210 адам.Бұл соқпақ Күрметі ауылы мен ортаңғы Көлсай көлі арасында жасалған. Бұл соқпақты негізінен Күрметі ауылына келген туристер мен демалушылар тікелей ортаңғы Көлсай көліне барушылар пайдаланады. Маршрут толық абаттандырылмаған. Маршрут басталар тұста Күрметі бақылау өткізу тоспасы орналасқан. Бұл жерде маусымдық кассир контролер маманы жұмыс атқарады. Кордон электр көздеріне қосылмаған.

Кесте 4 - №4 «Күрметі ауылы- ортаңғы Көлсай көлі» туристік соқпағын жүріп-өту жоспары

№	Маршрут учаскесінің		Ұзындығы, км	Қозғалыстағы уақыт, сағат	Аялдау уақыты, сағат	Көру алаңы, суретке түсу бекеті
	басталуы	аяқталуы				
1	Күрметі ауылы	Қайың тоғайы	7	1	30 мин	1
2	Қайың тоғайы	Бесмойнақ асуы	7	1	30 мин	1
3	Бесмойнақ асуы	Ортаңғы көлсай көлі	3	1	30 сағ.	1
Барлығы			17	3		3

**«Күрметі ауылы - Қыземшек тауы» №5 туристік соқпағы.** Қашықтығы – 24,3 км. Жылдық рекреациялық сыймдылық - 210 адам.

Қозғалыс жасау түрі бойынша: аралас (жаяу және салт атты); қолданыс уақыты бойынша: маусымдық; ұйымдастыру нысаны бойынша: топтық;

Бұл соқпақ Күрметі ауылынан басталып Талды сайы арқылы жүреді. Талды кордоны жанында маусымдық бақылау өткізу тоспасы орналасқан. Кордон электр желісіне қосылмаған.

Кесте 5 - №5 «Күрметі ауылы- Қыземшек тауы» туристік соқпағын жүріп-өту жоспары

№	Маршрут учаскесінің		Ұзындығы, км	Қозғалыстағы уақыт, сағат	Аялдау уақыты, сағат	Көру алаңы, суретке түсу бекеті
	басталуы	аяқталуы				
1	Күрметі ауылы	Шелек өзені аңғары	2,2	1	0,15	0
2	Шелек өзені аңғары	Талды өзені аңғары	3,5	1,5	0,20	0
3	Талды өзені аңғары	Тау панажайы	13,6	7,2	2	1
4	Тау панажайы	Қыземшек тауы	5	6	2	1
Барлығы			24,3	15,7	4,35	2

Соқпақ жартылай абаттандырылған. Соқпақ бойымен жүру кезінде Талды өзенін 5-6 жерден кесіп өту қажет. бұл жерлерде көпірлер тозып кеткендіктен, жаяу жүргіншілерге арналған көпірлер жасау қарастырылған. Абаттандыру жұмыстарын жүргізу үшін үкіметтік емес «Авалон» ұйымы демеушілік жасап барлық қажетті материалдар жеткізілді. Маршрут толық абаттандырылмаған.

**«Кіші Өрікті сайы - Мәжі көлі» №6 туристік маршруты.** Қашықтығы – 6 км. Жылдық рекреациялық сыймдылық - 2000 адам. Қозғалыс жасау түрі бойынша: аралас (жаяу және салт атты); қолданыс уақыты бойынша: маусымдық; ұйымдастыру нысаны бойынша: топтық;

Бұл маршрут бас жоспарға сай туристер мен демалушылардың сұранысына орай 2018 жылы төлқұжаты жасалып, 2019 жылы ОШЖДК арқылы бекітілді. Биылғы жылы абаттандыру жұмыстары қолға алынады. Маршруттың басталар тұсында Өрікті демалыс орны орналасқан. Ол жерде демалушыларға арналған түнемелік орындар мен шатыр тігетін орындар, әжетханалар қарастырылған. Маршруттың ақырғы нүктесінде Мәжі кордоны орналасқан.

### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1 Глебова И. А. Рекреационное природопользование Кавказа [Текст]: Научный журнал, Молодой ученый / И. А. Глебова, М. А. Нечипуренко, В. С. Сокольникова. / № 6 (453). 2023.— С.130-133.

2 Исаченко Т. Е. Рекреационное природопользование [Текст]: учебник для вузов / Т. Е. Исаченко, А. В. Косарев. -М.: Изд-во Юрайт, 2020. – 268 с.

3 Жердев В.Н. Бассейновый подход к организации рекреационного природопользования в регионах [Текст]: научный журнал / В.Н. Жердев, Т.В. Зязина Известия ТРТУ, 5(40) 2004. – С.190-194.

4 Винобер А.В. Рекреационное природопользование: ресурсы, потенциал и перспективы [Текст]: научный журнал Экономика биосферы: теория и практика / А.В. Винобер. - 3(12) 2019. – С. 42-47.

5 Ханова А.И. Теоретические аспекты рекреационного природопользования [Текст]: Материалы XI Международной научно-практической конференции. «Экология и природопользование: прикладные аспекты» / А.И. Ханова. – Уфа, 2021. – С.189-192.

6 Martinez-Perez A et al. Eco-innovation antecedents in cultural tourism clusters: External relationships and explorative knowledge [Текст]: Innovation: Management, Policy & Practice / A. Martinez-Perez. – 1, 2015. – 41-57 P.

УДК 633.878.31(574.2)(045)

## РОСТ И РАЗВИТИЕ ИВЫ БЕЛОЙ (SALIX ALBA L.) В КАТОН-КАРАГАЙСКОМ ГНПП

*Гомер В.Я., магистрант 1 курса  
Сатыбалдиева Г.К., к.б.н., доцент  
Казахский агротехнический исследовательский университет им.С.Сейфуллина  
г. Астана*

В современном мире деревья и леса относятся к числу основных средств борьбы с изменением климата. Они играют важнейшую роль в смягчении последствий изменения климата. Леса являются хранилищем 662 млрд тонн углекислого газа, что составляет более половины его глобальных запасов, содержащихся в почвах и растительности.

Наиболее важной функцией деревьев является их способность улавливать углерод. Леса, полесья и джунгли поглощают углерод, сохраняя его в стволах и удаляя углекислый газ из воздуха. По данным WoodlandTrust, базирующегося в Великобритании, древесина молодых деревьев, будет содержать более 400 тонн углерода на гектар[1].

Ива издавна широко использовалась в самых различных отраслях сельского хозяйства. Ее древесина, кора, листья и даже корни служат отличным сырьем для переработки. С незапамятных времен кора многих видов ив используется для дубления кожи. Весьма разнообразное применение находит также древесина ив. Однолетний ивовый прут используется для изготовления корзин, плетеной мебели, рыболовных снарядов и пр., двухлетний идет на «палку» для ножек и основы в мебельном производстве и т.д. Способность ивы быстро давать большое количество древесины позволяет широко использовать ее для изготовления пластических масс, а также в целлюлозном производстве. Лубяное волокно из коры некоторых видов ив пригодно для выделки веревок, шпагата, грубой мешковины, матов и даже рыболовных сетей. Многие виды ив заняли заслуженное место в ассортименте древесных пород и кустарников, рекомендуемом для защитного лесоразведения в степях, полупустынях и пустынях. Ивы применяются при создании государственных защитных лесных полос, закреплении и облесении песков, облесении оврагов, балок и орошаемых земель. В степном лесоразведении ивы выполняют не только служебную роль – закрепителей песков, берегов рек, оползней, плотин, но, в связи с их быстрым ростом, служат ценным источником получения древесины. Ива используется и как лекарственное растение: из ее коры добывается салицин, а настойка коры применяется в качестве противомаларийного средства. Декоративность многих видов ив, в сочетании с быстротой роста, дает возможность с успехом использовать эту древесную породу при озеленении городов и поселков. Ива представляет собой ранний весенний медонос и пергонос. Перечисленные качества ивы дают основания поставить ее в первые ряды тех древесных пород, которые должны получить еще более широкое распространение в лесном хозяйстве. Ива давно введена в культуру, и в силу приобретения новых свойств многие ее виды можно с полным основанием отнести к культурным растениям [2].

Ива белая (Salixalba L.) относится к роду древесных растений семейства Ивовые (Salicaceae L.) и произрастают вблизи водоемов. Дерево высотой 20-30 м и до 3 м в диаметре; живет до 100 лет и более. Кора темнокоричневая, с глубокими трещинами. Молодые

ветви на концах серебристо-пушистые. Черешки с железками наверху. Листья типично ланцетные, линейно-ланцетные, заостренные, по краю – часто- и мелко-пильчатые, с обеих сторон серебристо-шелковистые. Цветет одновременно с распусканием листьев. Мужские цветки лимонно-желтого цвета, тычинок две (свободных), внизу волосистых, тычинки ярко-желтые. Нектарников в мужских цветках два – передний и задний. В женских – один задний, реже – два. Завязь сидячая или на короткой ножке, частью голая. В диком виде растет по берегам рек, ручьев и в поймах. В местах, бедных лесом, имеет большое хозяйственное значение, особенно вследствие быстроты роста. Хороший медонос. Кора содержит салицин (4-5 %), но танинов в ней мало (до 5 %). Отвар коры идет на окраску шелка, шерсти и лайки, которым он придает красновато-коричневый цвет. Из лубяных волокон изготовляют веревки и канаты. Древесина идет на холодные постройки. За свои декоративные и другие полезные свойства разводится очень широко. Чувствительна к морозам, сильно повреждается насекомыми. Рекомендуется для одиночных посадок, обсадки водоемов. [3]

Ива белая является большим двудомным деревом. Крона широкая, круглая или овальная. Ива белая имеет большую хорошо развитую пластическую корневую систему. Ива белая имеет космополитический ареал. Она распространена по всей Европе, кроме северных регионов Скандинавии, в европейской части России, а также в Западной и Восточной Сибири. В России северная граница ареала ивы белой доходит до тундры и проходит приблизительно по 60-й параллели, а на востоке доходит до Енисея. На юге России ареал ивы простирается до Кавказа и стран Средней Азии до Памира, где она растет вдоль Амударьи и Сырдарьи и их притоков. Ива белая также растет в Северной Африке, в Малой Азии, в Ираке, в Иране, в Гималаях и в Китае. В Северной Америке она распространена только в культуре [4].

Ива белая растет в местах естественного ареала – в долинах и на берегах рек и травянистых болот, на сырых и пойменных лугах, вдоль искусственных каналов и на берегах озер. Ива белая – один из первопроходцев в обедненных и истощенных почвенных зонах. В устьях больших рек ива образует сплошные чистые заросли с большим запасом древесины. В этих условиях она хорошо выносит затенение и чрезмерное увлажнение. Ива белая способна переносить недолговременное затопление и некоторую засоленность грунтов. Длительное пребывание под водой подземных органов и ствола ивы предопределяет появление на стволе мохообразных корешков, которые содействуют лучшему усвоению деревом влаги и кислорода. [5]

Благодаря тому, что ива быстро растет и у неё мощные корни, растение часто используют для укрепления берегов там, где это необходимо. В некоторых странах деревья высаживают на нефтяных месторождениях для очистки почвы.



Рисунок 1 – Ива белая (*Salix alba* L.)



Помимо того, что Ива белая способна укреплять почву, так она еще легко размножается и быстро растет.

Ива белая устойчива к влиянию нефтехимического загрязнения. За счет изменения конституции корневых систем ива белая способна благополучно произрастать в санитарно-защитных насаждениях больших промышленных центров. На бедных почвах Ива улучшает условия для других растений. Опавшая листва Ивы улучшает состав веществ. Именно по данному фактору разведение Ивы – это одна из техник оздоровления лесных хозяйств. [6]

Цель научно-исследовательской работы изучение особенностей роста и развития Ивы белой (*Salix alba* L.) в Катон-Карагайском ГНПП.

Катон-Карагайский государственный национальный природный парк образован 17 июля 2001 года. Это крупнейшая в Казахстане особо охраняемая природная территория, ее площадь 643477 га. В составе Катон-Карагайского ГНПП функционируют 3 филиала и 9 лесничеств:

- Аксуский филиал, в который входит Беловское и Усть-Язовинское лесничества;
- Берельский филиал, в который входит Арчатинское, Берельское, Урыльское лесничества;
- филиал Ботанико-геологический заказник «Рахмановские ключи», а также Алтайское, Медведское, Черновинское и Шынгыстайское лесничества.

Ива занимает площадь – 71 га, запас – 5 тыс. м<sup>3</sup>.

При присутствии Ивы белой вблизи берегов водоема их вода как правило чиста и небогата водорослями. Питательных веществ, присутствующих в водоеме, хватает на небольшое количество гидрофитов, которые в свою очередь служат источником питания для других живых организмов. Водоемы, где произрастает ива, таким образом находятся в состоянии биологического равновесия [7].

### Список литературы

- 1 Правдин Л.Ф. Ива, ее культура и использование. – М.: Академия наук СССР, 1952. – 166 с.
- 2 Денисова Е.С. Использование Ивы белой в озеленении санитарно-защитных зон Западной Сибири // Омский научный вестник №2, 2014. – С. 66-70
- 3 Мокин А.А. Проявление онтогенетической тактики у *Salix alba* (1) в условиях загрязнения // Ботаническое образование в России: прошлое, настоящее, будущее. Материалы 1 научно-практической конференции. Новосибирск, 2013. -С.52-53.
- 4 <https://kray.vkolibrary.kz/>
- 5 Мокин А.А., Ишбирдина А.Р., Кулагина А.Ю., Моыш А.А. // Воздействие экстремальных факторов на устойчивость развили признаков ивы белой (*Salix alba* L.). Международный научно-исследовательский журнал. - Екатеринбург, 2013. -С. 79-80.
- 6 <https://lesoteka.com>
- 7 <https://allnature.org.ua/derevev-zhizni-cheloveka>

## ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЛАНДШАФТТЫҚ ДИЗАЙННЫҢ ТАРИХЫ

*Дюсембаева А.І курс магистрант*

*Мазаржанова Қ.М., а.ш.ғ.к., қауым.проф.м.а.*

*С. Сейфуллин атындағы қазақ агротехникалық зерттеу университеті*

*Астана қ.*

Қазіргі таңда елімізде қалалар таңғажайып қарқынмен дамуда, әсіресе халық көп қоныстанған ірі қалаларда билік өкілдері, ғалымдар, экологтар қоршаған ортаның жағдайына икедеп, құрылыс жұмыстарын жасауға тырысады.

Бірақ ірі қалалардың бас және дендро жоспарын қарағанымызда жасыл желектер жергілікті тұрғындарға жеткілікті деп айта алмаймыз. Барлық мегаполистерде экологияға зиян келтіретін факторлар тіркелуде, олар: шаңдану, өнеркәсіптік кәсіпорындардың улы шығарындыларының жоғары концентрациясы және шу деңгейі рұқсат етілген медициналық нормалардан асып отыр.

Қаладағы сыртқы ортаны жақсарту мен қорғауға байланысты мәселелерді шешуде жасыл кеңістіктер айтарлықтай маңызды. Ағаштар, бұталар, көгалдар, гүлзарлар заманауи қаланың ландшафтында маңызды архитектуралық ғана емес, сонымен қатар композициялық рөлді де атқарады, архитектураның ауырлығын жұмсартады, желдің жылдамдығы мен шу деңгейін төмендетеді, ауаны ылғалдандырады және тазартады. Сонымен қатар, өсімдіктер қала тұрғындарының өмір сүруіне қолайлы жағдай жасайды [1].

Петропавл қаласы жасыл желекке бөленген қала болғанымен, ағаш-бұта ассортименттері аз және көптеген аумақтары көгалдандырылмаған. Сондықтан біз зерттеу жұмыстарымызда ландшафттық көгалдандыруда кездсетін мәселелерді қарастыруды жоспарлап отырмыз. Өйткені ландшафттық дизайн қалалық жерлерді көгалдандыру, жергілікті халықтың демалуына қолайлы орта жарату және жалпы қоғамның өмірі мен ұлттық мәдениеттің маңызды бөлігі болып табылады. Әр қаланың жалпы көрінісінде заманауи ғимараттар ғана емес, сонымен қатар заманауи көгалдандырудың ролі зор, заманауи ландшафттық дизайн көмегімен қалаларды адам тамсанатын дәрежеде өзгертуге болады. Бұл көрініс әсіресе дамыған елдерден көруімізге болады.

Жалпы «Ландшафттық дизайн» анықтамасына келетін болсақ, қарапайым сөздермен айтқанда, ол белгілі бір территорияны көгалдандыру және абаттандыру.

Алдымен, «Ландшафттық дизайн» тарихына тоқталатын болсақ, Ландшафт дизайны өнер түрі ретінде ежелгі Месопотамия мен Египеттен бастау алады. Сол кездің өзінде бағбандар алғашқы аллеяларды, террасаларды, беседкаларды жасаған. Ежелгі Греция мен Римде алғашқы қоғамдық саябақтар, демалыс орындары пайда болды. Қытайлар мен жапондықтар, кейінірек еуропалықтар ландшафт дизайнын қатаң канондар мен міндеттермен нақты культке айналдырылды. Бағбандар мен флористердің пікірінше, монотонды ландшафт психологиялық шаршауды тудырады, бірақ дұрыс жасалған ландшафт, керісінше, эмоционалды жағдайға пайдасын тигізеді. Сондықтан бүкіл әлемде бұл өнер түріне көп көңіл бөлінген [2].

Жалпы ландшафт тарихы 1800 жылдардан бұрын пайда болған, ландшафты саябақ хан сарайлары, ұстан үйлері, діни орталықтар т.б. жоспарлаумен басталған. Оған дәлел Франция королі XIV ғасырдағы Версаль сарайын атап атуға болады.

Қазақстан үшін саябақ аулаларын көгалдандыру XX соңынан бастап, XXI ғасырдың басында ғана тарихи қалалардың орталығын өзгертуге және елді мекендерді, жаңа қоныстарға қолайлы жағдай жасауға ықпал ететін кезең болды. Жалпы ландшафттық архитектураны дамыту, эстетикалық тұрғыдан көркейту, жаһандану процесстерін белсенді аяқ алысы және қоршаған орта объектілерінің формалық базасының аймақтық негізін нығайтуға бағытталуға көмекші болады.

Аталған ерекшеліктерге байланысты ландшафттық сәулет Қазақстандағы шығармашылық қызметтің салыстырмалы түрде жас саласы болып табылады. Тарихи тереңге бара қоймайтын ландшафттық сәулет нысандарының типологиялық ауқымы қазіргі таңда елімізде шағын бақтардан бастап пайдаланушылардың кең ауқымы бар үлкен ұлттық саябақтарға дейін кеңейді. Олардың композициялық шешімі қарапайым жоспарлау схемаларынан күрделі схемаларға дейін өзгерді. Ландшафттық сәулет объектілерінің семантикалық негіздерінің маңыздылығы мен көріну формалары да дүниетанымының, мемлекеттің идеологиялық базасына байланысты өзгереді.

Қазақстанның мәдени ландшафтының, сәулетінің, қала құрылысының, ландшафттық сәулетінің пайда болуы: Ә.Әбілов, Ғ. Әбдірасилова, Қ. Байпақов, Э. Байтенов, Б. Балықбаев, Т. Басенов, Б. Глаудинов, Б. Ибраев, Ж. Кекилов, С. Космериди, А. Марғұлан, М. Меңдікұлов, С. Садықова, А. Чиканаев еңбектерінде қарастырылған. Ландшафттық сәулет өнерінің көп факторлылығы Қазақстан қалаларын қалыптастырудың әлеуметтік, эстетикалық және экологиялық аспектілерін қарастыру кезінде оны есепке алу қажеттілігін айқындайды. Бұл мәселелерді А. Әбілов, Н. Аужанов, С. Баймағамбетов, К. Ибрагимова, А. Қабанов, В. Карамышев, А. Корнилова, М. Меңдікұлов, Л. Рахымжанова, Г. Сәдуақасова, А. Тұяқбаева, Б. Тұяқбаева, Б. Шакербаева зерттеді [3].

XX және XXI ғасырдың басында Қазақстан қалаларында ландшафттық сәулет тәжірибесін (1-сурет) зерделеу нәтижесінде:

1. XX ғасырдың 30-шы жылдарының аяғынан бастап Қазақстанның барлық қалаларында біртіндеп көпфункционалды мәдениет және демалыс саябақтары қалыптаса бастады;

2. Қазақстан қалаларында ландшафттық сәулет объектілерінің типологиясын кеңейту негізінен XX ғасырдың 50-жылдарынан кейін басталды;

3. 60-шы жылдардан бастап ресурстық аудандардың белсенді игерілуіне жағдайлары бар аймақтарда жаңа қалалардың құрылысына байланысты Ландшафттық сәулет не аумақтың сәулеттік-ландшафттық ұйымы бойынша салыстырмалы және қолайсыз объектілері негізінен жетіспейтін табиғи ресурстарды толықтыру негізінде қалыптасады;


4. 70-ші жылдары Алматы-ҚазКСР астанасы және Целиноград өлкесінің орталығында халықтың жалпы пайдаланымдағы көгалдандырылған аумақтармен қамтамасыз етілу көрсеткіші нормативтен жоғары болды, ал барлық басқа қалаларда оның мәні әлдеқайда төмен болды;

5. Үлкен және ірі қалалар, әдетте, табиғи-климаттық ортасы қолайлы тарихи қоныстану аймақтарында қалыптасты: орманды-дала, дала және тау бөктері, өзен маңындағы қалалар. Олардағы Ландшафттық сәулет нысандарының типологиялық қатары әлдеқайда кең және халықтың әртүрлі демалыс түрлерін жүзеге асыруға көбірек мүмкіндіктер береді;

6. ҚР мемлекеттің орнықты дамуы жөніндегі мемлекеттік бағдарламаларын қабылдау ел қалаларында ландшафттық сәулет объектілерін қалыптастыруға әсер етеді, олардың негізгі қызметі қоршаған ортаның – дендропарктердің биоәртүрлілігін толықтыруға бағытталған;


7. ҚР жаңа астанасы-Астана қаласының қалыптасуы және осыған байланысты оны дамыту бойынша отандық және халықаралық конкурстарды өткізу Ландшафттық сәулет өнеріндегі өңірлік ерекшеліктің көрінісінде белсенді серпін болды;

Яғни XX ғасырдың аяғы мен XXI ғасырдың басы шағын сәулет нысандарында ұлттық бастауларды іздеумен, Қазақстан қалаларының ландшафттық сәулет объектілерінің аумағына сәндік мүсінді енгізумен сипатталады [4].



1-сурет Қазақстандағы ландшафттық дизайн дамуы графигі

Қазақстан қалалары аумағының архитектуралық-ландшафттық жағдайының қазіргі жай-күйін талдау кезінде қалалардың көпшілігінде көрсеткіштің төмендеуі анықталды. Ерекшелікті Астана қаласы құрады, онда өткен ғасырдың 90-жылдарынан бастап қалалық ландшафттық объектілерді реконструкциялау, жаңа құрылыс нысандарының бой көтеруімен саябақтардың құрылуы белсенді жүргізілуде. Сонымен қатар өнеркәсіптік қалаларында адам басына бөлінген көгалды аумақ көлемі: Павлодар (4,9 м<sup>2</sup>), Петропавл (3,9 м<sup>2</sup>), Шымкент (2,8 м<sup>2</sup>), Балқаш (9,9 м<sup>2</sup>), Екібастұз (2,8 м<sup>2</sup>), Лисаковск (8,0 м<sup>2</sup>).. Бірақ барлық жерде қазіргі таңда жалпыға ортақ пайдаланылатын көгалдандырылған аумақтармен қамтамасыз етілу көрсеткіші жеткіліксіз (2-сурет). Өкінішке орай еліміздегі бұдан басқа қалаларды көгалдандырылған аумақтардың үздіксіз жүйесін қалыптастыру бойынша нақты жобалық ұсыныстар іске асырылмаған [5].



2-сурет. Қазақстанның шағын қала тұрғындарының көгалдандырылған аумақтармен қамтамасыз етілу көрсеткіштері

Қорытындалай келе, егемендігімізді алған жылдардан бері 30 жыл ішінде елімізде қалаларды көгалдандыру жұмыстары жүргізілуде. Бірақ өкінішке орай, әлеуметтік-экономикалық жағдайлардың күрделілігі себебінен шағын және орта қалалардың бюджеті осы кезеңде күрт қысқарған. Қалалар халқының санының өсуі, тұрғын үйлерге ұсыныстың артуы жеке компаниялар үшін тиімді бола отырып, белгілі аумақты көгалдандыра отырып, жұмыс жүргізіліп жатқан жоқ[6]. Құрылыс нысандарына рұқсат беріп отырған әкімшілік, жасыл желек адам өкпесі және жергілікті тұрғындардың рекреациялылық ортасы болып табылатынын біле тұра айналамызды бетонды ғимараттармен қоршауда. Көгалдандырылған аумақтардың территориясын кеңейту бойынша жобалық ұсыныстар жеткілікті жүзеге асырылып жатқан жоқ. Ағаш-бұта ассортименті іс жүзінде жаңартылу, олардың бейімделіп, жерсінугіне қолайлы орта қалыптастыру, бақ-саябақ архитектурасы қалпына келтіру жұмыстары толық атқарылып жатыр деп айта алмаймыз. Біздің зерттеу

жұмыстарымыз ландшафттық дизайнда кездесетін елеулі мәселелерді зерттеумен байланысты болғандықтан, алдағы уақытта жұмыстар жалғасады[7].

### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

- 1 Абилов А.Ж., Бекболов А.А., Самойлов К.И., «Зеленый урбанизм как путь развития современного планирования градостроительства», журнал «Наука и образование сегодня», Алматы, 2021г.
- 2 Плешков В.А. «Ландшафтный дизайн», журнал «Научные исследования и разработки молодых ученых», 2015г.
- 3 Козбагарова Н.Ж. Развитие ландшафтной архитектуры Казахстана XX века , Алматы, 2010г.
- 4 <https://comode.kz/post/landshaftnyj-dizajn-v-kazahstane>
- 5 Абдужабборова Д.Д. «Проектирование и разработка ландшафтного дизайна», журнал «Наука, образование и культура», 2019г.
- 6 Кичигин Э.В. «Актуальные инновации в ландшафтном дизайне», журнал «Актуальные проблемы лесного комплекса», Санкт-Петербург, 2010г.
- 7 Andrew Ayers The Architecture of Paris. December 17, 2003 . 296 p.

ӘОЖ 582.47 (045)

### ҚАРАҒАЙЛАРДАН ОРМАН ТҰҚЫМ ШИКІЗАТЫН ДАЙЫНДАУ

*Карманов Е., 2 курс магистранты  
Мазаржанова Қ.М., а.ш.ғ.к., қауым.проф.м.а.  
С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті  
Астана қ.*

Зерттеу жұмыстары «Ертіс» орманы МОТР Шалдай филиалы аумағындағы ормандарда жүргізілді. Павлодар облысында орналасқан «Ертіс» орманы МОТР Құлынды жазығының оңтүстік-батыс бөлігін алып жатыр. Солтүстіктен оңтүстікке дейін -133, ал батыстан шығысқа дейін 130 шақырымды қамтиды, жалпы «Ертіс орманы» МОТР -277,961 мың га құрайды, орманмен қамтылған аумақ 158484 га. Ал, олардың 117816 га Шарбақты және 160145 га Лебяжинс аудандары территориясына кіреді.

Резерват екі филиалға бөлінеді: Шалдай орман шаруашылығы филиалы - 143,2 мың га және Бесқарағай (ОШФ) -134,7 мың га ауданды қамтиды.

Орман қорының мемлекеттік есебі бойынша зерттеу ауданының орманды жері 225,985 га, ормансыз жерлер – 51976 га.

Зерттеу жұмыстары жүргізілген Шалдай филиалы қарағай бүрлерінен тұқым дайындау әр жыл жоспарланады. Біздің зерттеулеріміз бойынша №16 (53 га), №32 (927113 га), №33(116 га), №17 (95 га) жалпы 27 377 га аумақта тұқым жинау жұмыстары жүргізілді (1- кесте ).

1-кесте. Орман тұқымын есепке алу

№	Орманшылықтың атауы	Тұқымдарды жинау аймағы, орамдар	Бүр шинау саны,кг Барлығы	Өңдеуден алынған бүрлер саны	
				кг	Тұқымөнімділігі %
1	Бауыртал	16	702	173	1,200
2	Бауыртал	17	702	178	1,252
3	Бауыртал	32	702	175	1,289
4	Бауыртал	33	702	176	1,400

Бүрлер өсіп тұрған қарағай ағаштарынан жиналды. Сақтау орны Шалдай филиалы болып табылады [1].

Жалпы жемістердің түсінің боялуы тұқымдардың пісуі ол морфологиялық белгілері болып табылса, ал қылқан жапырақтылар оның ішінде кәдімгі қарағай: тамыз айында – 0 %, қыркүйекте – 47 %, қазанда – 81 %, желтоқсанда – 100 % шығымдылығы болады. Қарағайдан қазан айынан бастап бүрлер жиналады және көбіне ЛГП-12, МШТС-1 М көтергіштер қолданады. Ағаш сапты құралдар т.б. пайдаланып, бүрлерді жерге түсіреді.

Бүрлерден тұқымдарды алу үшін, алдымен қабыршығынан босатылу қажет, ал табиғи жағдайда бұл үрдіс ұзақ уақытқа созылады. Өйткені қарағай бүршіктерінің қабыршақтары қыс бойы көтеріліп, тек қана наурыз айында ғана тұқымдары түсе бастайды. Олардың тезірек ашылуы температура мен кебуіне тікелей байланысты.

Жиналған бүршіктер табиғи және жасанды жолмен кептіріледі. Табиғи жолмен бүрлерді күннің көзіне жаю арқылы кептіріледі. Түбі тесік торлы ыдыстарға бүрлер салынып, бір шаршы метрге 10 кг және оларды кептіру уақыты 5-10 күнге шейін созылады. немесе тікелей жерге жаю арқылы да жұмыстар жасалынады. Бұл әдістің ұтымды жағдайы – тұқымдарға зақым келмейді және олар өте сапалы болады.

Жасанды жолмен орман шаруашылығы мекемелерінің орманшылықтарында қолданылатын барабанды бүркептіргіш пайдаланылады, олар тәулігіне 4,5 кг тұқым кептіреді. Қарағай тұқымдары кептірілгеннен кейін герметикалы жабық 20-25 литрлік бөшкелерде, шыны және металлды 30 литрлік ыдыстарда сақталады. Тұқымдар ұзақ уақытқа сақталатын болса, ылғал соратын 100-150 гр хлорлы кальций салынады, ылғалдылығы 24% болады және айына бір рет тексеру керек [ 2 ].

Қылқан жапырақтылардың тұқымдарын сақтағанда қойылатын негізгі талаптар: алдын-ала кептіру, өйткені ылғалдылық жоғары болғанда шіриді. Тұқымдар сақтау ылғалдылығына байланысты көрсеткіштері бойынша 3 топқа бөлінеді: I-топ - қарағай, шырша, майқарағай, балқарағай тұқымдары ылғалдылығы 7-8% сақталынады. II-топ – үйеңкі, алма, алмұрт, қарақат, ұшқат тұқымдары 10-15% ылғалдылық шамасында сақталынады. III-топ – ылғалы жерде сақталынатын тұқымдар емен, талшын, самырсын.

Қарағай тұқымдарын сапасы, тұқым тазалығы, тіршілікке қабілеттілігі, тұқым тыныштығы т.б. тқменде келтірілген.

Тұқымдардың сапасын МеСТ бойынша «Ағаштар мен бұталардың тұқымдары» сүйене отырып жүргізіледі. МеСТ бойынша орман тұқымдары нормативтік құжаттар талаптарына сай тексеріледі, партия халінде аймақтағы «Республикалық орман селекциялық тұқым орталығы» РМҚМ-не жіберіледі. Ал, тұқымның жарамдылығы да МеСТ бойынша орташа үлгіні талдау арқылы жүзеге асырылады. Бұл ретте олардың ылғалдылығы, тұқым тазалығы, өнгіштігі, өміршеңдігі, сапасы жақсы, өну энергиясы, 1000 тұқым салмағы маңызды.

Сонымен қатар тұқым тазалығының пайызын анықтағанда, ол таза тұқым массасының үлгіні талдау үшін алынған бастапқы массаға қатынасы маңызды. Тұқым өнгіштігі тұқым сапасының негізгі көрсеткіші – техникалық шарттарға сәйкес өну арқылы анықталады және пайызбен көрсетіледі. Зертханалық жағдайда тұқымның техникалық және абсолютті өнгіштігі анықталады. Кейбір жағдайларда тұқымның өнгіштігі–себу жағдайында өнген тұқымдардың жалпы себілген тұқымдардың пайызбен көрсетілген санымен анықталады.

Тіршілікке қабілеттілігі – талдауға алынған тұқымдардың жалпы санынан пайызбен көрсетілген тірі тұқымдар санымен көрсетіледі. Бұл сапа көрсеткіші ұзақ өну үрдісіндегі ағаш-бұта тұқымдары үшін, сондай-ақ қажет болған жағдайда тұқымның сапасын жедел анықтау үшін анықталады.

Тұқым тыныштығы яғни тіршілік үрдісін баяулатып, сақтау үрдісі арқылы қыста және ерте көктемде тұқымды себуге дайын болады. Тұқымның терең тыныштығы оның ішкі биологиялық ерекшеліктеріне де байланысты (механикалық, физиологиялық, биохимиялық т.б.) болады. Көбінесе бұл тұқымдары вегетациялық кезеңнің соңында,

тұрақты суық ауа райының басталуына дейін тыныштық күйіне болса, қыста сақталып, келесі жылдың көктемінде өнеді. Ал, тәжірибеде тұқымдарды себуге дайындаудың келесі әдістері қолданылады: стратификацияны алдын ала дайындықсыз сол жылы өнбейтін ағаш және бұта түрлерінің тұқымдарына қолданады.

Стратификация арнайы бөлмелерде, жылы, суық және жазғы траншеяларда жүргізіледі. Арнайы бөлмелерде (жертөрелерде) стратификация кезінде тұқымдардың құм немесе шымтезек қоспасын үстіңгі жағына дейін 3-5 см толтырмай, ұзындығы 100 см, биіктігі 30 см және ені 40 см жәшіктерге салады.

Скарификация - тұқымдардың тығыз қабығының механикалық зақымдануы, олардың өнуін қиындатады (жаңғақ, жаңғақ, мелиа және т.б.). Тұқымдар үгіткішпен немесе қолмен өңделеді. Ал, қарағай тұқымдары стратификация, скарификация да жасалынбайды.

Ал, ылғалдау қарағайдың, қарағаштың, тұттың, сары акацияның және стратификацияны қажет етпейтін басқа да бірқатар түрлердің тұқымдарында көшеттердің жақсы өнуіне әсер етеді. Яғни тұқымдар үстіне су құйылады және олар күніне 3-4 рет ауыстырады. Сонымен қатар тұқымдарды еденге төгіп, 20-25 см жайып, үстіне су құйып, дымқыл төсенішпен жабуға болады. Әр 12 сағат бойы тұқымдарға су себіліп, араластырады. Екі жағдайда да тұқымдар 20-30% шыққанға дейін сақталады [3].

Тұқымдарды кей жағдайда микроэлементтермен мен стимуляторлармен өңдеу немесе екеуі де бір арада бөлме температурасында ерітінділер қолдану арқылы жүзеге асырылады. Микроэлементтер ретінде бор, мыс, мырыш, молибден, кобальт, никель қолданылады. Ерітінді концентрациясы литріне 50-ден 500 микрограммға дейін болуы керек. Өсу стимуляторлары ретінде гетероауксин, аспарагин қышқылы, янтар қышқылы және т.б. пайдаланылады.

Сонымен қатар қарлау әдісі бар, ол қылқан жапырақтылар: қарағай, шырша, балқарағайды құрғақ немесе дымқыл тұқымдарды себу алдында 2-3 ай бойы қаптарға салып, қар астында ұсталады. Яғни тұқымдар арнайы мата қаптарға 1/3 салынады, содан кейін көктемгі себуге 2-3 ай қалғанда қалыңдығы 2 см-лік қалыңдықта, топырақ бетіне тұқым салынған қапшықтар қойылады да үстіне қар төгіліп, тығыздалады, ал үгінділер, бұтақтар немесе сабан салынады, ал тұқым себілген кезде қар астынан шығарылып, кептіріледі [4].

Шет елдерде тұқымдарды калибрлеу 0,02 мм өлшемдік саңылауы бар бірнеше ондаған тұқым фракцияларын алуға мүмкіндік беретін елеуішсіз сепаратордың көмегімен жүргізілді. Ірі тұқымдардың вегетациялық кезеңде артықшылығы болады. Ал, ұсақ тұқымдардың өсу қарқыны жоғары, бірақ вегетациялық кезеңнің соңына қарай өсімдіктер арасындағы айырмашылық төмендеді. Тұқымдардың өсу қарқындылығы ауарайы шарттары мен ылғалдылыққа тікелей байланысты [5].

Қарағай тұқымдары бірнеше географиялық аймақтан жиналады, егер сақтауы талаптарға сай болған жағдайда 0-ден 10 жылға дейін сақталады. Тұқымдар стандартты 1 ай жылы ылғалды өңдеуден және 2 ай суық стратификациялық өңдеуден өтіп, 100 тұқымның өміршеңдігі, өну қабілеті жоғары болды. 10 жыл бойы сақталған тұқымдардың 80%-ға дейін өну қабілетінің жоғалмағандығына қол жеткізуге болады [6].

Қортындылай келе, тұқымдар талаптарға сай өңделіп, сақтау ортасы дұрыс болған жағдайда 10 жылға дейін сақтауға болатындығы ғалымдардың жүргізген зерттеулерінен көруге болады.

Қазақстан сияқты территориясы ұлан-байтақ, дүние жүзінде тоғызыншы орынды алатын мемлекет үшін негізгі орман құраушы қарағай тұқымдарын өңдеу, оларды сақтау және заманауи технологияларды қолданып, сапасын арттыру сияқты ғылыми зерттеулер жұмыстарының маңызы зор болып табылады. Бұл зерттеу жұмыстары алдағы уақытта өз жалғасады.

## Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

- 1 Очтет Шалдайского филиала.-Шалдай. 2022 г. -80с.
- 2 Кентбаева Б.А. Лесосеменное дело.-Алматы, 2015, -130с.
- 3 <https://studfile.net/preview/1839855/page:30/> 10.02.2023.
- 4 <http://dendrology.ru/books/item/f00/s00/z0000027/st015.shtml> 12.02.2023
- 5 A.D. Golev, V.N. Bukhtoyarov, V.A. Ivannikov. The practice of using a sieveless separator for pre-sowing treatment of common pine seeds ( Pinus sylvestris ). IOP Conference Series: Earth and Environmental Science. DOI:10.1088/1755-1315/595/1/012056
- 6 A.D Bower., Dave Kolotelo. Sally N Aitken. Effects of Length of Storage, and Stratification on Germination of Whitebark Pine Seeds. DOI:10.1093/wjaf/26.1.24. Western Journal of Applied Forestry. January 2011. Western Journal of Applied Forestry 26(1):24-29

ӘОЖ 630\*0

### СЕКСЕУІЛ АЛҚААҒАШЫНЫҢ БИОЛОГИЯЛЫҚ ӨНІМДІЛІГІН САЛЫСТЫРМАЛЫ БАҒАЛАУ

*Өмірзақ Н.Ш., 1 курс магистранты  
Боранбай Ж.Т., а.и.ғ.к.*

*С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті  
Астана қ.*

Аннотация: Бұл зерттеу Орталық Азияның шөлейт және шөлейт аймақтарында кең таралған түрлердің бірі болып табылатын сексеуілдің (Haloxylon) биологиялық өнімділігін бағалауға бағытталған. Зерттеу фотосинтетикалық белсенділігін, хлорофилл құрамын, сексеуілдің әртүрлі топырақ түрлеріндегі өсуі мен дамуын салыстырмалы талдау арқылы жүргізіледі. Зерттеу кезеңінде сексеуілдің биологиялық өнімділігі оның өсетін топырақ түріне байланысты екені анықталды. Ең жоғары өнімділік құрамында қарашіріктері жоғары және суы мол топырақтарда байқалса, құмды нашар топырақтарда өнімділік төмен болады.

Сонымен қатар, сексеуіл құрғақ аймақтардың экстремалды жағдайларына бейімделе алатыны анықталды, өйткені оның суды пайдалану тиімділігі жоғары және топырақта төмен температура мен жоғары тұз концентрациясында өмір сүре алады.

Тірек сөздер: сексеуіл; биологиялық өнімділік; салыстыру; бағалау; алқа ағаш; экожүйе; шөл; тұрақтылық; климаттық жағдайлар; топырақ; деградация; өсімдік жамылғысы; құрғақшылық.

Сексеуіл – құрғақ аймақтарда, әсіресе Орталық Азия мен Моңғолия шөлдерінде жиі кездесетін ағаш бұта. Ол шөлді ортаның қатал жағдайларына жақсы бейімделген және көптеген жылдар бойы отын, құрылыс материалы және өндіріс көзі ретінде пайдаланылды. Соңғы жылдары шөлейттенуге қарсы күрес құралы және осы орталардың биологиялық өнімділігін арттыру құралы ретінде сексеуілдің әлеуетіне қызығушылық артуда.

Шөл экожүйелерін жақсарту құралы ретінде сексеуілдің әлеуетін бағалау үшін оның биологиялық өнімділігін ұқсас шөл ортасындағы басқа өсімдіктер түрлерімен салыстыру маңызды. Бұл салыстырмалы бағалау кезінде өсу қарқыны, фитомасса өндірісі және қоректік заттардың сіңірілуін қоса алғанда, бірқатар негізгі факторларды ескеру қажет. Өсу қарқыны шөлді ортаның өнімділігін арттыру үшін өсімдік түрінің әлеуетін анықтаудың маңызды факторы болып табылады. Сексеуіл алқаағаштарында салыстырмалы түрде жылдам өсу қарқыны байқалады, бұл оның жалпы фитомассасын және



қоршаған ортаның өнімділігін тез арттыруға мүмкіндік береді. Шөлді өсімдіктердің басқа түрлерімен салыстырғанда сексеуіл өсіру қарқыны айтарлықтай жоғары екені анықталды, бұл шөлді экожүйенің жалпы жақсаруына ықпал ете алады. Шөлді аймақтың жағдайын жақсарту үшін сексеуілдің әлеуетін анықтаудың тағы бір негізгі факторы фитомасса болып табылады. Зерттеулер сексеуілдің экожүйедегі басқа организмдер үшін энергия мен қоректік заттардың көзі бола алатын органикалық заттардың көп мөлшерін алу мүмкіндігінің жоғары екенін көрсетеді. Шөлді өсімдіктердің басқа түрлерімен салыстырғанда сексеуілдің фитомассалық әлеуеті едәуір жоғары екені анықталады, бұл оны шөлді ортаның жалпы жағдайы мен өнімділігін жақсарту үшін тартымды нұсқа.

Қазіргі таңда орман фитомассасы орман экожүйесіндегі болып жатқан үрдістерді бағалау және ауа райының жаһандық өзгерістерінің алдын алу үшін, ормандардың көміртегіні жинақтауын бағалау және орман жамылғысының құрылымы мен биотүрлілігін оқып танысуда, экологиялық мониторинг жүргізу мақсатында қолданылатын, орман шаруашылығын тұрақты түрде жүргізу, орман өнімділігін үлгілеу ретінде қарастырылады [1].

Ормандар құрамында ормандармен қамтылған ауданның 49,6 % иеленетін сексеуіл басым болып келеді және шөл және дала аймақтарда бұталы екпелер 24,1 % алады. Көміртегінің көп қоры орман алқабының топырағы мен жамылғыда құрылады [2]. Шөл экожүйелерінің жағдайын жақсарту үшін сексеуілдің әлеуетін анықтауда қоректік заттарды қабылдау шешуші фактор болып табылады. Шөлді өсімдіктердің басқа түрлерімен салыстырғанда сексеуілдің топырақтан қоректік заттарды қабылдау және пайдалану мүмкіндігі жоғары. Қоректік заттарды сіңіру және пайдалану қабілеті топырақтың деградациясының және шөлді ортамен жиі байланысты қоректік заттардың сарқылуының әсерін азайтуға көмектеседі. Шөлді ортада қоректік заттардың жалпы сіңуін арттыру арқылы сексеуіл топырақэрозиясын және экожүйенің жалпы өнімділігін жақсартуға ықпал ете алады [2].

Жоғарыда қарастырылған факторлардан басқа сексеуілдің басқа да бірқатар ерекшеліктері бар, олар оны шөлді ортаны жақсартудың құнды құралы етеді. Мысалы, сексеуілдің құрғақшылыққа төзімділігі және жоғары температураға төтеп бере алады, сондықтан оны шөлді ортаның қатаң жағдайларына жақсы бейімдейді [4]. Сексеуіл алқағашының биологиялық өнімділігін бағалаудың бір жолы оны ұқсас шөлді ортадағы өсімдіктердің басқа түрлерімен салыстыру болып табылады. Бұл салыстыруда өсу қарқыны, фитомассасы және қоректік заттардың сіңірілуі сияқты факторларды ескеру маңызды. Өсу қарқыны бойынша сексеуіл басқа шөл өсімдіктерімен салыстырғанда салыстырмалы түрде тез өсетіні анықталды. Бұл жылдам өсу жалпы фитомасса мен қоршаған ортаның өнімділігін жылдам жақсартуға көмектеседі. Фитомассаға келетін болсақ, сексеуіл органикалық заттардың көп мөлшерін өндіруде жоғары тиімділік танытты. Бұл органикалық заттар қоршаған ортаның жалпы өнімділігі мен жағдайын жақсартатырып, экожүйедегі басқа организмдер үшін қоректік заттар мен энергия көзі бола алады [3].

Ақырында, сексеуілдің топырақтан қоректік заттарды сіңіруде өте тиімді екендігі айқын. Бұл қоректік заттарды сіңіру және пайдалану қабілеті шөлді ортамен жиі байланысты болатын топырақтың деградациясының және қоректік заттардың сарқылуының әсерін азайтуға көмектеседі [4].

Қорытындылай келе, сексеуіл алқағашының биологиялық өнімділігін салыстырмалы түрде бағалау оның шөлді ортаның жағдайы мен өнімділігін арттырудың құнды құралы бола алатынын көрсетеді. Сексеуіл екпелерінің әлеуетті пайдасын толық түсіну үшін көбірек зерттеулер қажет болғанымен, қазіргі зерттеулердің нәтижелері сексеуілдің шөлді экожүйелерді жақсартуға ықпал ету мүмкіндігінің жоғары екенін көрсетеді [5-6, 7, 8]. Сексеуілдің жылдам өсу қарқынын, жоғары фитомасса әлеуетін және жоғары қоректік заттарды сіңіру әлеуетін оның құрғақшылыққа және шөпқоректілерге төзімділігімен

үйлестіре отырып, сексеуіл екпелері шөлейттенуге қарсы күресте және шөлді ортаны жақсартуда маңызды рөл атқара алады[9].Сексеуіл өсірудің әлеуетті пайдасын толық түсіну және оны жүзеге асырудың тиімді стратегияларын әзірлеу үшін қосымша зерттеулер қажет[10].

Орман шаруашылығының дамуы бұл жасыл экономика бағдарламасының даму, орындалу деңгейінің көрстекіш есебінде қолдануымызға болады. Неге десеңіз жасыл экономиканың негізгі мақсаты ортада табиғи қорларды тиімді пайдалану есебінен қоғамның әл-ауқатын сақтауға бағытталған қалдықтарды басқару жүйесін жаңғырту және ауаның ластануын төмендету, су ресурстарын басқару жүйесін жетілдіру, орнықты ауыл шаруашылығы қағидаттарын енгізу; энергия тиімділігін және энергия үнемдеуді арттыру мен жаңартылатын энергия көздерін дамыту,табиғи байлықтарды сақтау болып табылады. Ал орман шаруашылығының жасыл экономикадағы орыны зор. Орман қоршаған ортаны қорғауда, ластанған жерлерді, ауа құрамын реттеуде, су ресурстарын басқаруда және ауыл шаруашылық өнімділігі үшін пайдасы үлкен. Орман шаруашылығының құрылыс, отын, медицина, тамақ, таза ауа алуда, химиялық шикізат өңдеуде т.б салалармен байланысы тығыз. Басты маңызды қызметі ол экологияға қызметі болып табылады және болашақта жаңа тың идеялар табу барысында орман шаруашылығын экономиканың басты салаларының біріне айналдыруға болады[1].

### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1 Боранбай Ж.Т., Токтыбай Т. Орман экосистемасының экологиялық маңыздылығы / Сборник научных трудов «Актуальные вопросы сохранения биоразнообразия и ведения лесного хозяйства» посвященная 55-летию КазНИИЛХ и 10 летию подготовки специалистов лесного хозяйства в КАТУ им.С.Сейфуллина. 12-13 октября 2012года, г. Щучинск. 218-219 стр.

2 Баранов С.М., Боранбай Ж.Т. Распределение запасов органического углерода в полезащитных саксаульниках на территории Созакского лесхозучреждения южного региона Казахстана / Международная научно-практическая конференция «Защитное лесоразведение, мелиорация земель, проблемы агроэкологии и земледелия в Российской Федерации» (посвященная 85-летию создания Всероссийского агролесомелиоративного института). 19 – 23 сентября 2016 года, 49-52 стр.

3 О.П. Мелохова., Е.И. Егорова. Биологический контроль окружающей среды: биоиндикация и биотестирование: учебное пособие для студентов вузов / соч. - М.: Издательство "Академия", 2007. - 228 с.

4 Токтасынов Ж.Н. Опыт установки мобильных пыльных бурь в населенных пунктах // Международная научно-практическая конференция "Актуальные вопросы развития лесного хозяйства", посвященная 70-летию лесного района. - Алматы, 2018. - с. 109-145 с.

5 Тевс Н., Вучерер В. Пространственное распределение и запас углерода галоксилонной растительности зимне-холодных пустынь Средней Азии // Журнал аридной окружающей среды. 2013. - 20-25р.

6 Вухерер В., Новицкий З. Саксаул наосущенном дне Арала // Проблема опустынивания. - Ташкент, 2012. –15-25 с.

7 Сукачев В. Н. Избранные произведения в трех томах / под ред. Е. М. Лавренко. — Л. : Наука. — Т. 1 : Основы лесной типологии и биогеоценологии. — 1972. — 419 с.; Т. 2 : Проблемы болотоведения, палеоботаники и палеогеографии. - 1973. — 352 с.; Т. 3 : Проблемы фитоценологии. — 1975. — 543 с.

8 <https://melimde.com/upload/download/id143015>

9 Азенов М.Х. Многомерные таксационные закономерности роста и продуктивности насаждений саксаула: автореферат диссертации кандидата сельскохозяйственных

наук. - Алматы: Казахский научно-исследовательский институт лесного хозяйства, 2009. - 30 с.

10 Дедков. В.П., Гунин П.Д. Экологические режимы пустынных биогеоценозов. - М.: Наука, 1978. - 205 с.

УДК 631.542

## **ВЫБОР ИНТЕНСИВНОСТИ ПРОВЕДЕНИЯ РУБОК УХОДА В ИСКУССТВЕННЫХ БЕРЕЗОВЫХ НАСАЖДЕНИЯХ**

*Панкратов В. К., магистр лесного дела  
ТОО «Казахский Научно-исследовательский институт лесного хозяйства  
и агролесомел-лиорационим. А.Н. Букейхана»  
г. Щучинск*

*Залесов С. В., д. с-х н., профессор  
УГЛТУг. Екатеринбург*

*Эбель А. В., к. с.-х. н., ст. преподаватель  
Казахский агротехнический исследовательский университет им.С.Сейфуллина  
г. Астана*

